

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ  
ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ  
БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ**

**Ұлттық әдебиет және  
өлкетану орталығы**

**«Мейірімді бағдаршам»  
(танысу сағаты 1-4сынып)**

**Өскемен, 2016 ж.**

**Сабақтың мақсаты:** Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету.

**Сабақтың міндеттері:**

**Білімділік:** бағдаршам туралы және бағдаршамның атқаратын міндеті туралы білім беру. Бағдаршамның қызыл түсі жанғанда тоқтау, сары түсі жанғанда дайындалу, жасыл түсі жанғанда жүру керектігін түсіндіру.

**Дамытушылық:** балалардың есту, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

**Тәрбиелік:** балаларды жолда жүргенде сақ болуға, бағдаршам көздерінің тәртібін білуге, байқампаздыққа тәрбиелеу.

**Қолданылатын әдіс - тәсілдер:** түсіндіру, сұрақ - жауап, көрнекілік.

**Сабақтың көрнекілігі:** бағдаршам, слайд, видео ролик.

**Сабақтың барысы:**

**1. Жүргізуші:**

Сәлеметсіздер ме, балалар, ата-аналар! Қош келдіңіздер.

**2. Жүргізуші:**

Қуан шаттан,

Қуан шаттан,

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң,

Қайырлы күн,

Күліп шықты, күн бүгін.

**1 Жүргізуші:** Паншат, сабағымызды бастамас бұрын балаларға жұмбақ жасырсақ қайтеді? Назарымызды экранға аударамыз, балалар.

**Слайд**

*Жұмбақ жасыру.*

Жасыл көзі «жүр» дейді.

Қызыл көзі «тұр» дейді

Сары көзі «дайын бол» дейді.

- Бұл не?

Оқушылар: Бағдаршам!

- Дұрыс айтасындар, балалар! Бүгін «Жол атасы – бағдаршам» яғни, жол ережелері жайлы әңгімелейтін боламыз. *(Балалардың назарын суретке аудару)*

**2 Жүргізуші:**

- Қолымыздағы суретте не көріп тұрсындар?

Оқушылар: - үш түсті дөңгелек бар.

**1 Жүргізуші** - үш түсті кім атап береді? Оқушының жауабы:

- Қызыл түс.

- Сары түс.

- Жасыл түс.

**2 Жүргізуші:** - өте дұрыс, бұл бағдаршам екен.

- Балалар, бағдаршам не үшін керек білесіңдер ме?

- Балалар жауабы.

Біз сабаққа, ата-аналарымыз жұмысқа барғанда көліктермен барамыз, кейде жаяу жүреміз. Сол көліктердің, адамдардың бір - бірімен соқтығысып қалмай, жүрісін реттейтін бағдаршам қызмет етеді екен. Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды. Жолдан өтерде өте мұқият болу керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды.

**1 Жүргізуші:** Бағдаршамның үш көзі - үш түрлі. Бағдаршам бар қиылыста адамдар өтетін ақ жолақтар болады. Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда адамдар тоқтайды. Ортадағы сары көзі жанса, адамдар дайындалады. Ал жасыл көзі жанса, жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді. Бағдаршамның үш көзі жаяу жүргіншілерге және көлік пен жүруге де өте қолайлы, адам өміріне орасан зор. Олай болса, көшеден өткенде арнайы ақ жолақтардан өту керек.

**2 Жүргізуші:** Балалар түсіндіңдер ме?

- Олай болса, «бағдаршам» ойынын ойнаймыз.

**1-ойын. Шарты:** Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде тыныштық сақтайды, сары түсті дөңгелекті көрсеткенде алақандарын соғады, жасыл түсті дөңгелекті көрсеткенде аяқтарын топылдатады.

**2-ойын.** Ортаға 5 бала шығады. Бір балада қызыл белгі, екінші балада сары белгі, үшінші балада жасыл белгі болады. 1 бала көлік болады жолдардан өтеді. Екінші бала жаяу жүргінші болады. *(Балалардың сабақты қалай түсінгендерін бақылау)*

- Балалар, ойын ұнадыма? Жолда қалай жүру керек түсіндіңдер ме?

Жол қиылысында аса абай болып, көшелерде, жолдарда доп ойнауға, шанамен сырғанап ойнауға болмайды.

**1 Жүргізуші:**

**Бағдаршамның шығу тарихы.** Адамзат тарихындағы ең тұңғыш бағдаршам ертеректе - ақ, яғни 1868 жылдың желтоқсан айында ойлап табылған. Бұл елеулі оқиға Ұлыбританияның Лондон қаласында, парламент үйінің маңында орын алды. Бағдаршамды ойлап тапқан адамның есімі – Джон Пик Найт. Ол темір жол саласының қызметкері болатын. Алғашқы бағдаршамның сырт келбеті бүгінгіден едәуір ерекшеленетін. Екі семафорды тілден (стрелка) тұратын құрылғы қолмен басқарылды: горизонтальды тіл "тоқтауды" білдірсе, 45 градуыс бұрыштамамен жоғары көтеріліп тұрғаны "жүруді" нұсқайды. Түнгі уақытта тілдер өзінің түсімен сәйкес келетін газды шамдармен алмастырылатын. Қызыл – тоқтауды, жасыл – әрмен қарай жылжуды көрсетті. Бағдаршамды орнатқан тұңғыш Еуропалық қала – Франция (Париж, 1912 жыл) болып табылады. Англияға электрлі бағдаршамдар 1927 жылы жетсе, біздер оны 1930 жылдардан бастап тани бастадық.

**2 Жүргізуші: Жұмбақтарды шешу:** *(Экраннан жұмбақтар беріледі)*

Арқаным бар тым ұзын,

Ала алмайсыз бір үзім.

Табыңдаршы, балалар,

Бұл жұмбақтың шешуін **(Жол)**

Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді,  
Ескеріп ешбір адам елемейді.  
Жүк емес жануарға жүз адам да,  
Шылбырын сымға байлап тез жөнейді. **(Трамвай)**  
Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,  
Бақырайған үш көзі бар бірақ та. **(Бағдаршам)**  
Ала таяқ ұстаған,  
Жол тәртібін нұсқаған.  
Өмірінді күзеткен,  
Ысқырықпен түзеткен. **(Милиционер)**  
Көше бойлап аяндайды,  
Адам тасып аялдайды. **(Автобус)**  
**Ата - аналармен жұмыс.** Плакатқа берілген түрлі түсті қағаздардан  
бағдаршам жасайды.

**Ролик көрсету, талқылау**

**Сергіту сәті. Көңілді күн.**

**Жаңа сабақты қорытындылау.**

- Балалар бүгінгі сабағымызда не туралы өттік?
- Бағдаршам туралы.
- Бағдаршамның неше көзі бар?
- Үш көзі бар.
- Қандай?

Жол тәртібін білейік,

Есен-аман жүрейік.

Ережені біз жаттап

Тәртіпті ұлан болайық!

Сонымен, бағдаршам біздің ең жақын, ең жақсы досымыз екен. Осыменен сабағымыз аяқталды. Жолда әрқашан да абай болыңыздар! Сау болыңыздар!